

**Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылы Мәткерім көшесінде шектеу
іс-шараларын белгілеу туралы**

Күшін жойған

Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 18 наурыздағы № 10 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 18 наурызда № 6107 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 15 маусымдағы № 16 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды – Түркістан облысы Сайрам ауданы Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің 15.06.2021 №16 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Сайрам аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2021 жылғы 15 наурыздағы № 08-02-03/159 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында Ақбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Ақбұлақ ауылдық округі Ақбұлақ ауылы Мәткерім көшесінде бруцеллез (сарып) ауруының ошағы анықталуына байланысты, Ақбұлақ ауылдық округі Мәткерім көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Сайрам ауданының Ақбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысы Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін Сайрам ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақбұлақ ауылдық округінің әкімінің
міндетін уақытша атқарушы*

М. Оразбаев

